

Бұл керемет суретпен көркемделген кітап кіші жастағы балалардың аутизм диагностикасы жайлы алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрігерлерге және жоғары дәрежелі медициналық қызметкерлерге арналған қысқаша анықтама кітапшасы.

Бұл кітап балалармен жұмыс істейтін барлық мамандарға қажетті оқу құралы.

Маргарет Бауман, медицина докторы, жалпы профилдік Массачусетс ауруханасының педиатрия бөлімшесінің даму қабілетінің бұзылуы мен білім алудағы қиыншылықтары бар балаларды бағалау және реабилитация Бағдарламасының Директоры, Гарвард медицина мектебінің неврология адъюнкт-профессоры.



АУТИЗМ АНЫҚТАМАЛЫҚ КІТАПША

**дәрігерлер мен
ата-аналарға арналған**



Мазмұны

1 бет	Мазмұны
2 бет	Ризашылықтар
3 бет	Плакат СНАТ
4–5 бет	СНАТ Тест
6-23 бет	Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері
7–8 бет	Әлеуметтендіру
9 бет	Коммуникация
10-13 бет	Түсініксіз немесе қайталанатын мінез-құлық әрекеттері
14–15 бет	Моторика
16 бет	Шектен тыс сенсорлық жүктеме
20 бет	Өз тәнін зақымдау
21–23 бет	Қауіпсіздік
24 бет	Бірге болатын аурулар: Асқазан-ішек жолдарының бұзылуы
25 бет	Бірге болатын аурулар: Ұйқының бұзылуы / Ауырсыну шегі / Сіңір тартылуы
26 бет	Аутизмнің жанұяға кері әсері
27 бет	Ерте басталған түзетпелі оқытудың ролі
28 бет	Бағыттардың қорытынды тізімі
29–33	Аутист баланың ауруханада тексеруден отуіт онтайландыру
34 бет	Ғаламтор желісіндегі аутизм тақырыбындағы кейбір мәлімет көздері
35 бет	Консультациялардың мекенжай және нөмірлері

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Тәжірибелі психиатрдың ақыл-кеңесіне жүгінбестен өз бетіңізше ешқандай шешім қабылдамаңыз және қорытындылар шығармаңыз!

Бұл аударманың мақсаты – медицина қызметкерлері мен ата-аналар арасында аутизм туралы ақпарат таралымын ұлғайту. Аударманы қатарында көптеген кәсіби емес аудармашылары бар ерікті түрде орындауға ниет танытқан аудармашылар жасады. Сондықтан біз тесттің дәлме-дәл және дұрыс аударылғандығына кепілдік бере алмаймыз, осыған байланысты басылымның түпнұсқасымен төменде келтірілген сілтемелер бойынша танысуыңызға болады:

http://www.helpautismnow.com/ph_slideshow_English.html

http://www.helpautismnow.com/PH_English_2008.pdf

Autism physician handbook, Help Autism Now Society басылымдарынан аударылды, 2012 жыл

Аудармашылар: Панченко Александр (panix@bigmir.net) және басқалар, толық тізімді келесі сілтеме бойынша таба аласыз: <http://translatedby.com/you/autism-physician-handbook/into-ru/trans/>

Кітапша «Сорос-Қазақстан» және «Ашық Әлем» қорларының қолдауымен басылған.



SOROS.KZ



Фонд поддержки, помощи детям и подросткам Казахстана с аутизмом и другими проблемами в развитии

АШЫҚ ӘЛЕМ



Registered 501c3 non-profit
www.helpautismnow.com

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ

HANS осы бүктемені дайындауға көмек көрсеткен еңбектері үшін дәрігерлерге көп алғыс айтады:

Dr. Simon Baron Cohen, *Developer of the CHAT screening tool: Professor of Developmental Psychopathology, Director Autism Research Center, Cambridge University, England*

Julie Bingham, PhD: *Pediatric Clinical Psychologist, Salem, Oregon*

Richard Bingham, MD: *Child Psychiatrist, Salem Oregon*

Sarajini Budden, MD: *Pediatric Developmental Specialist, Director of Child Development and Rehabilitation, Legacy Emmanuel, Portland, Oregon.*

Sara Cuthill, MD: *Pediatric Developmental Specialist. Kaiser Permanente, Portland, Oregon.*

Mike Marlowe, MD: *Pediatrician, Kaiser Permanente Salem, Oregon*

Mary Lynn O'Brien, MD: *Pediatric Developmental Specialist. Kaiser Permanente Portland, Oregon.*

David Willis, MD: *Behavioral and Developmental Pediatrician. Northwest Early Childhood Institute, Portland, Oregon*

18 айлығында балаңыз...



1. Сізге қарап тұрып қалайтын нәрсесіне қолын созып **көрсете** ме?



2. Сіздің көрсеткен **бағытыңызға** қарай ма?



3. Ойыншықтармен **қиялында** ойнай ма?

Егер сұрақтарға «**ЖОҚ**» деп жауап берген болсаңыз, онда балаңыздың **АУТИЗМІ** болуы мүмкін. Қазірден кешіктірмей өз терапевттеріңізге қаралыңыз!

CHAT (Checklist for Autism in Toddlers)

(Нәрестелердің бойындағы Аутизмді анықтаймыз)

2 беттің бірінші беті (баланың 18 айлығында дәрігерге қаралған кезде толтырылады)

А бөлімі: ата-аналар толтырады

1. Балаңыз тізелеріңізде отырған кезде тербелгенді, секіріп ойнағанды жақсы көре ме? Иә Жоқ
2. Бала өзге балаларға назар аудара ма? Иә Жоқ
3. Бала биік жерлерге, мысалы, баспалдаққа өрмелеп шығып кете бере ме? Иә Жоқ
4. Балаңызға «ку-ку»/«жасырынбақ» ойнаған ұнай ма? Иә Жоқ
5. Балаңыз қиялында ойнай ма, мысалы ойыншық шәйнекке «шай» демдеп, оны кеселерге «құя» ма, немесе осы секілді ойындар ойнай ма? Иә Жоқ
6. Балаңыз Сізден бір нәрсе СҰРАП тұрған кезде оны саусағымен көрсете ме? Иә Жоқ
7. Өзіне ҚЫЗЫҚ нәрселерді саусағымен нұсқап көрсете ме? Иә Жоқ
8. Балаңыз шағын ойыншықтарды (мысалы, кішкене машиналар, кубиктер) аузына салмай, кеудесіне қыспай немесе лақтырмай олармен дұрыс ойнай ала ма? Иә Жоқ
9. Балаңыз Сізге бір нәрсе көрсету үшін заттарды алып келіп көрсете ме? Иә Жоқ

В бөлімі: дәрігер немесе медицина қызметкері толтырады

1. Сіздің қабылдауыңызға келген кезде бала көздеріңізге қарады ма? Иә Жоқ
2. Баланың назарын аудартып, бөлменің келесі жағында орналасқан қызықты бір бұйымды көрсетіп: «Қарашы! Бұл ... (ойыншықты атаңыз)!» деңіз. Баланың бет-әлпетін бақылаңыз. Ол Сіздің нұсқаған нәрсеңізге қарай ма? Иә Жоқ
3. Баланың назарын өзіңізге аудартыңыз да, қолына ойыншық шәйнек пен кесе ұсынып: «Маған бір кесе шай құйып берші!» деңіз. Бала Сізге «қиялдағы» шайды құйып береді, өзі ішеді және т.с.с. Иә Жоқ
4. Баладан: «Жарық қайда?» деп сұраңыз немесе «Жарықты көрсетші!» деңіз. Бала сұқ саусағымен жарықты КӨРСЕТЕДІ. Иә Жоқ
5. Бала кубиктерден мұнара тұрғыза ала ма? (Егер тұрғыза алатын болса, қанша кубиктен _____) Иә Жоқ

V2: Бұл сұраққа «Иә» деп жауап берген болсаңыз, баланың жай ғана Сіздің қолыңызға емес, нақты нұсқаған бұйымыңызға қарағанына көз жеткізіңіз.

V3: Егер баланың өзге ойындарда бір әрекетті «қиялша» орындағандарын есіңізге түсіре алсаңыз, бұл сұраққа «Иә» деп жауап беріңіз.

V4: Бала «жарық» деген сөзді әлі білмейтін болса, «аю қайда?» деп сұраңыз немесе қол жетпейтін жерде тұрған өзге бір зат туралы сұраңыз. Сұраққа «Иә» деген жауапты белгілеуіңіз үшін Сіз бұйымды көрсетіп жатқан кезде немесе осыдан кейін бірден-ақ бала Сіздің бетіңізге қарауы керек.

(Қорытынды шығару бойынша нұсқауларды келесі беттен қараңыз)

CHAT (Checklist for Autism in Toddlers)

(Нәрестелердің бойындағы Аутизмді анықтаймыз)

2 беттің екінші беті

CHAT маңыздылығы жоғары пункттер

А бөлімі

A5: «қиялша» ойнайды

A7: Сілтеп көрсету ишарасы бар

В бөлімі

B2: Көрсетілген бұйымды бақылайды

B3: «Қиялша» орындайды

B4: Саусағымен көрсетеді

CHAT маңыздылығы төмен пункттер

А бөлімі

A1: Шулы және қимыл-қозғалыс ойындары

A2: Әлеуметтік қызығушылық (елігу)

A3: Моториканың дамуы

A4: Әлеуметтік ойын

A6: Сілтеп көрсету ишарасы

A8: Функционалдық ойын

A9: Көрсетеді

В бөлімі

B1: Көзқарас байланысы

B5: Кубиктерден шағын мұнара тұрғызады

Қатерлерді сәйкестендіру:

Аутизм ықтималдығы жоғары қатерлі топ: А5, А7, В2, В3, В4 сұрақтарына «Жоқ» деп жауап берілді

Аутизм ықтималдығы орташа топ: А7, В4 сұрақтарына «Жоқ» деп жауап берілді (ықтималдығы жоғары топқа жататын сұрақтар болмаса)

Аутизм ықтималдығы төмен топ: жоғарыдағы бірінші және екінші топта көрсетілгендерден басқа барлық сұрақтар

Keңестер мен ұсыныстар:

Жоғары ықтималдық тобы:

түзету клиникасына баруға кеңес беріңіз

Аутизмнің орташа ықтималдығы бар топ:


күдік белгілері күшті: жоғарыда айтылған нұсқауды орындаңыз. күдік белгілері әлсіз: тестті бір айдан кейін қайталап жасап көріңіз

Ықтималдығы төмен топ:

тіпті бір сұраққа «Жоқ» деп жауап берген болсаңыз да тестті бір айдан кейін қайталап жасаңыз

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

Әлеуметтендіру



Коммуникация

Түсініксіз немесе қайталанатын мінез-құлық әрекеттері

Моторика

Шектен тыс сенсорлық жүктеме

Өз тәнін зақымдау

Қауіпсіздік



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Өзге балалардың ойындарына қызығушылық танытпауы мүмкін



Бауырларына қатыгездік танытуы мүмкін



Жататын төсегінде жалғыз қалса, анасын шақырудың орнына айқайлап жылайды



Ата-анасының жұмысқа кеткеніне немесе жұмыстан келгеніне назар аудармайды



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

«Ку-ку» (жасырынбақ) ойынына немесе бірге ойнауға болатын басқа ойындарға да қызықпайды



Ата-аналары баланы қолына ұстап тұрған кезде, құшақтағанда немесе сүйгенде бала барынша қарсыласуы мүмкін



Үлкендер төсегінде жатқан баланы көтеру ниетімен оны өзіне шақырған кезде бала қолдарын созбайды

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

КОММУНИКАТИВТІК ПРОБЛЕМАЛАР

Аутизмнен зардап шегетін балалар көп жағдайда қоршаған ортаны сезінбейді және көзқарастық байланыс орнатуда қиналады. Осыған байланысты олардың қарым-қатынас жасауға ешқандай қызығушылығы жоқ секілді болып көрінуі мүмкін.

Оларға бір нәрсе қажет болса, «қолды апару» әдісін қолданады: бала ата-анасының қолын өзіне қажетті нысанның үстіне қояды және осылайша өзінің дегеніне жету үшін ата-анасын немесе ересек адамды ҚҰРАЛ ретінде пайдаланады. Өзге балалар өздерінің қажеттіліктеріне вербальдық (ауызша: былдырлайды, сөздер айтады) немесе вербальды емес жолмен (қимыл-әрекетпен: заттарды, бұйымдарды көрсетеді) қол жеткізеді.



Қоршаған ортаны сезінбейді



Көзге қараудан қашқақтайды

Үлкен адамның қолын бағыттайды



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ТҮСІНІКСІЗ/ҚАЙТАЛАНАТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ



Қолдарын сермеу, шапалақтау



Вентиляторды таңырқап тамашалау



Айналу

Заттарды бір сызықтың бойына тізу (мысалы, ойыншық машиналарды)



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ТҮСІНІКСІЗ/ҚАЙТАЛАНАТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ



Ойыншықтарға қызықпауы мүмкін, алайда әртүрлі заттарға, мысалы, бөлмені жылытқышқа қызығушылық танытады

Күннің сәулелерін ұстауға әрекет етеді



Тұтас ойыншыққа қызықпауы мүмкін, бірақ оның бір бөлшегіне, мысалы машинаның айналатын дөңгелектеріне телміріп қарай береді



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ТҮСІНІКСІЗ/ҚАЙТАЛАНАТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӨРЕКЕТТЕРІ



Өздігінен теңселу



Жарықты сөндіріп қосуға әуесқойлық



Жеуге жарамайтын нәрселерді, мысалы, киімді, көрпені, пердені жеуі

Саусақтарын көз алдына әкеліп шыртылдату



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ТҮСІНІКСІЗ/ҚАЙТАЛАНАТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ

Барлық әрекетімен денесінің жаншылып тұруына ұмтылады



Дәретін айналасына жағады



Тәніне күшті әсер ететін әдістерді ойлап табады



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

МОТОРИКА

Аутизмнен зардап шегетін балалардың моторикасының (қимыл-қозғалысы) бұзылу белгілері көрінуі мүмкін. Кейбір балалардың бір салада ерекше қабілеттері болғанымен, екінші бір салаға қатысты мүлдем қабілетсіздік танытуы мүмкін.



Нашар координация

Кіші моторика проблемалары



Кеңістікті сезіну тапшылығы

Аяғының ұшымен жүруі

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

МОТОРИКА

Тіпті моториканың қалыпты белгілерін көрсететін балаларға да кейде үш дөңгелекті велосипед тебу, мініп жүретін машинаға отыру және т.б. қиындық тудырады.



НЕМЕСЕ



Епсіздік

Шектен тыс тепе-теңдік сақтау қабілеті


Сілекейі ағып жүреді



Үш дөңгелекті велосипед немесе машина айдай алмайды

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ШЕКТЕН ТЫС СЕНСОРЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР



Аутизмнен зардап шегетін бала әртүрлі дыбыстарға, шуға, заттардың қатты-жұмсақтығына, сонымен қатар жаңа әсерлер мен жаңа орта жағдайларына өте сезімтал болуы мүмкін. Сенсорлық әсерлердің саны неғұрлым көп болса, баланың жүріс-тұрысындағы ауытқулардың ықтималдығы да соғұрлым жоғары.

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ШЕКТЕН ТЫС СЕНСОРЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР

Шашын қырықтырмайды



Қауіпсіздік белдігі тағылғанда тыныш отыра алмайды

Жаңа әсерлерді, мысалы, туған күндер немесе мейрамдардың әсерлерін (шарлар, шамдар, отшашулар...) жақтырмайды



Суға түсуден, жуырудан үзілді-кесілді бас тартады

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ШЕКТЕН ТЫС СЕНСОРЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР



Үйдегі кәдімгі иістерден жүрегі айнып, лоқсиды

Әуендерді көтере алмайды



Әртүрлі заттарды бетіне тым жақындатып ұстап айналдырады



Өзін меңіреу сияқты ұстауы мүмкін, қатты шыққан дыбыстарға селк етпейді, кейбір жағдайларда есту қабілеті қалыпты сияқты көрінеді

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ШЕКТЕН ТЫС СЕНСОРЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР



Қыста қалың киім кигісі келмейді

Киімдерін ауыстырғанды жақтырмайды



Өз киімдерін жыртуы, тілшіктері мен тігістерін сөгуі мүмкін

Жазда қыстық киімдерін кигізуді талап етуі мүмкін



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ӨЗ ТӘНІН ЗАҚЫМДАУ



Басын соққылайды

Ешқандай ауырсыну белгілерін сезбестен өз денесін тістелейді




Терісін қасып немесе тырнап тастайды



Шашын уыстап жұлады

Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ӨЗ ТӘНІН ЗАҚЫМДАУ



Қауіп-қатерді
сезінбейді



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ӨЗ ТӘНІН ЗАҚЫМДАУ



Өзінің соққы немесе жарақат алуы мүмкін жағдайларды ажырата алмайды



Аутизмнің мінез-құлықтағы белгілері

ӨЗ ТӘНІН ЗАҚЫМДАУ



Биіктіктен
қорықпайды



Асқазан-ішек жолдарының бұзылуы

Гарвард университетінің және Бостондағы Орталық қоғамдық аурухананың гастроэнтерологы Тим Буи 1000-нан аса аутизмі бар балаларға эндоскопия жасады. Нәтижесінде ол 400 баланың гастроэнтерологиялық проблемалары бар екендігін анықтады, мұндай проблемалар өзге балаларға қарағанда аутизмі бар балаларда жиі кездеседі.


Анықталған ауру түрлері:

- 20% Эзофагит (өңештің қабынуы)
- 10% Ұлтабардың қабынуы
- 12% Колит түрлері
- 55% Лактазаның жетіспеушілігі
- 12% Гастрит

Қажет болса, баланы гастроэнтерологқа көрсетуге кеңес беріңіз



Ішінің өтуі



Үлкен дәретінде қорытылмаған астың болуы



Тағамнан өзін-өзі шектеуі, таңдап жеуі



Іштің қатуы

Ұйқының бұзылуы/Ауырсыну шегі/ Сіңір тартылуы



Ұйқының бұзылуы

Балалар бірнеше күн қатарынан ұйқысырамастан бір сәтке көз ілмеуі мүмкін. Олардың күн мен түнді ажырата алмауы да ғажап емес. Қиындықпен ұйқыға кетіп, қайта-қайта оянып кете береді. Бір-екі сағаттың шамасында аз ғана уақыт ұйықтауы мүмкін.

Мұның салдарынан ата-аналардың ұйқысы қанбайды.




Сіңірдің тартылуы

Жас ұлғайған сайын сіңірдің тартылуына ілесетін патологиясы ұлғая түседі. Мұның этиологиясы анықталмаған.

Аруды сезіну шегінің өзгеруі

Аруды сезінудің төменгі шегі /аруды мүлдем сезінбеу немесе ауырғанды сезінудің жоғарғы шегі

Аутизмнің жанұяға кері әсері



Аутизммен ауыратын баласы бар жанұяға қалыпты өмір сүру қиынға соғады

Ата-аналар мен аға-інілер/әпке-қарындас-сіңлілер әбден ширғып титықтауы мүмкін. Оларды жергілікті психологиялық қолдау көрсету тобына жолдаған жөн.

Ерте басталған түзетпелі оқытудың ролі



Егер баланың дамуында күдікті белгілерді байқаған болсаңыз, жанұяны тесттен өткізу үшін ерте кезден шара қолданатын мамандарға жолдаңыз. Баланың ерекшеліктеріне қарамастан ерте бастан қолданылатын шаралар сөйлеу әрекетін, еңбекке баулуды және/немесе физиотерапияны қамти алады.



Зерттеулер ерте қолға алынған қарқынды түзетпелі білім беру бала мен жанұя үшін оқиғалардың оң бағытта дамуына әсер ете алатындығын көрсетті. Базалық стратегияның мақсаты – балаға айналада болып жатқан нәрселерге назар аударуды, қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді байқауды, еліктей білуді үйрету және сөйлесу мен өзге де дағдыларды дамыту.

Бағыттардың қорытынды тізімі:

1. Баланың дамуын зерттейтін маман
2. Ерте кезден шара қолдану аймақтарын бағалау *
3. Есту қабілетін тексеру
4. Логопедия, сөйлеу әрекетінің терапиясы
5. Физиотерапия
6. Еңбек терапиясы
7. Балалар гастроэнтерологы (егер баладан ауыр диарея/ іштің қатуы/қан араласқан нәжістің шығуы/астың қорытылмауы/жиі құсу секілді белгілер байқалса)
8. Невропатолог (егер сіңір тартылуы, ұстамалар байқалса)
9. Балалар психологы/психиатры
10. Әлеуметтік қызметкер/жанұяға кеңес беру
11. Жергілікті ата-аналарға қолдау көрсету топтары



Аутист баланың ауруханада тексеруден өтуін оңтайландыру

Дәрігер ретінде Сіз негізінен ауруларды анықтауға маманданғансыз.

Аутизмі бар балалардан сирек жағдайда ғана науқастың сыртқы белгілері көрінеді; әдетте олардың денсаулығы қалыпты балалар секілді көрінуі, өз жасына толық сәйкес келетін педиатриялық баға берілуі мүмкін.



Олардың іс-әрекетінен оларға тек ата-аналар тарапынан қатаң бақылау жетіспейтіндей болып көрінуі мүмкін.

Олар көп жағдайда өзгерістерге: жаңа жағдайларға, жаңа әсерлерге, жаңа адамдарға қарсыласады.



Аутист баланың ауруханада тексеруден өтуін оңтайландыру

АЛДЫМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ АТА-АНАСЫМЕН МҰҚИЯТ КЕҢЕСІП АЛЫҢЫЗ

Бұл Сізге:


1. Балаға алаңдамастан ата-анасының аузынан бүкіл проблеманың мән-жайын толық естуге
2. Баланы ауруханада қабылдауды мүмкіндігінше жеңілдету бойынша олардың ұсыныстарын естуге
3. Ата-анасынан баланы тексеру барысында ынталандыратын (сыйлық) нәрселерін бірге ала келуін өтінуге мүмкіндік береді.
4. Егер қанның анализін тапсыру керек болса, ата-аналарға ауруханаға келерден бұрын балаға қолдануы үшін анестетик крем тағайындап беріңіз.
5. Ата-аналарға www.helpautismnow.com сайтынан алынған «Дәрігерге барамыз» немесе «Қан тапсыруға барамыз» секілді дәрігердің қабылдауына бару туралы медициналық әлеуметтік хикаяларды оқып беру арқылы балаларын дайындауды ұсыныңыз.



АТА-АНАЛАРДЫҢ СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРІҢІЗ

Ата-аналарды өз балаларын танып білу бойынша сарапшы-маман деп атауға болады.

Барлық физикалық белгілерді мүмкіндігінше дені сау балалармен теңдей ашып көрсетіңіз (аутизмнің өз тұжырымдарыңызға нашар әсер етуіне мүмкіндік бермеңіз)



Аутист баланың ауруханада тексеруден өтуін оңтайландыру

КАБИНЕТІҢІЗДІ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫНДАҢЫЗ

Мейірбике немесе ассистентіңіз ата-аналардан кабинетті қалайша дұрыс ұйымдастыруға болатындығы жайлы алдын ала сұрап біліп қоя алады. Кабинетті дайындау төмендегілерден тұруы мүмкін:

Тым жарық емес, тыныш бөлме таңдау
Терезелері жоқ,
жарықтандырылуы онша күшті емес, музыкасы жоқ бөлме



Қажет болса, баланың лақтырып жіберуі немесе қару ретінде қолдануы мүмкін барлық заттарды шығарып тастау

ҚАБЫЛДАУ АЛДЫНДАҒЫ КҮТУ УАҚЫТЫН МҮМКІНДІГІНШЕ ҚЫСҚАРТЫҢЫЗ

Төмендегілерді ескеріңіз:

Баланы қабылдау кезегін бірінші етіп тағайындаңыз (10 минутқа ерте келу арқылы бала өзгелерді көрмейді)

Мұның пайдалы тұстары
1. Баланың мінез-құлқының өзгеруін мүмкіндігінше азайтады

2. Өзге пациенттердің қабылдау кестесінің бұзылуын болдырмайды
3. Ата-аналардың ыңғайсыз жағдайға қалуын болдырмайды
4. Күту бөлмесіндегі мүліктердің зақымдануын болдырмайды.


Мүмкін болса, баланы алдын ала телефон арқылы қабылдауыңызға жаздырып қойыңыз.



Аутист баланың ауруханада тексеруден өтуін оңтайландыру

БӘРІ СЫРТ КӨЗГЕ КӨРІНГЕНДЕЙ БОЛМАУЫ МҮМКІН

Мұндай балалардың сырт көзге күтімі нашар немесе ата-анасының қатал ұстауының құрбаны болып көрінгеніне қарамастан төмендегілерге назар аударыңыз:
Өзін жарақаттауға бағытталған әрекеттер: тістеу, басын соққылау, тырнау және т.б.
Ауырсынуды сезінудің шектеулілігі немесе мүлдем жоқтығы



Баланың қауіп-қатер немесе өзінің жәбір көруі мүмкін екендігін түсінбеуі
Сенсорлық сипаттағы күрделі проблемалар баланы шомылдыруға немесе киімін ауыстыруға мұрша бермейтіндей дәрежеде ауырлатады.

КҮТПЕГЕН ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫН БОЛЫҢЫЗ!

Өз қауіпсіздігіңіз үшін үнемі сақ болыңыз, кей жағдайда аутизммен ауыратын балалар Сізді көмектесетін адам емес, қауіп-қатер төндіруші ретінде қабылдауы мүмкін. Олар алғашқыда өздерін тыныш ұстап, кенеттен ыршып тұруы, басымен соғуы, тістеп алуы, соғып жіберуі, тебуі, түкіруі, шаштарыңызға жармасуы, қашып кетуі және басқа әрекеттер істеуі мүмкін.




Баланың «жеке кеңістігіне» кірмеңіз (оның көлемі дені сау балалардікінен үлкенірек болуы мүмкін).

Аутист баланың ауруханада тексеруден өтуін оңтайландыру

ШЕКТЕУЛІ ТҮСІНІК ПЕН СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ

Кейбір балалар мультфильмдерді жатқа айтып беруі мүмкін, алайда кейіпкерлерінің аттарын және олардың қандай жағымсыз көңіл-күйде болғанын айта алмайды.

Дыбыстық ақпаратты сараптауда қиындықтарға тап болады



АУТИЗМНІҢ ЖАНҰЯҢЫЗҒА ӘСЕРІН САРАПТАҢЫЗ

Қажет болса, аутист балалары бар жанұяларға психологиялық қолдау көрсететін арнайы мекемелерге немесе өзге де психологиялық қызметтерге жолығыңыз.



Ғаламтор желісіндегі аутизм тақырыбындағы кейбір мәлімет көздері

Әлеуметтік бірлестіктер:

www.helpautismnow.com - Help Autism Now Society

www.autism.com - Autism Research Institute

www.autism.kz - ОФ «Ашық Әлем»

www.facebook.com/pages/Фонд-поддержки-детей-с-аутизмом-Ашық-Әлем/249750228401148

www.ru-happychild.livejournal.com/

www.autism-russian.livejournal.com/

www.facebook.com/groups/cpaut

Кітап және жәрдемақы

<http://www.childneurologyinfo.com/main.php>

Ловаас Ивар «книга Я» http://www.childneurologyinfo.com/education-text-The_Me_Book2.php

Книги по логопедии и дефектологии: <http://pedlib.ru/>

Информационный портал РИА-новости «Диагноз которого нет»:

http://www.ria.ru/trend/autism_02042012/

ТЕАССН — Лечение и обучение детей, страдающих аутизмом и нарушениями общения:
www.vseodetishkax.ru/osobyе-deti/13-autizm-detskij-autizm-/20-autizm-korrekcionnye-podxody

Сенсор терапиясы

www.sensoricinru.wordpress.com

www.facebook.com/sensorica.Moscow/

www.facebook.com/ProblemySIDAS

www.elinahealthandbeauty.com/forum/viewforum.php?f=44

Адреса областных, городских ПМПК:

	Области, город	Телефон, эл.почта	Адрес:
1	г.Кокшетау, Акмолинская	8-7162-771878 (17) pmpk_07@mail.ru	г.Кокшетау, ОПМПК, м-н Юбилейный 75, инд.020000
2	г.Атбасар, Акмолинская обл.	8(71643)4-34-06 pmpkatbasar@mail.kz	Акмолинская обл., г.Атбасар, ул.Женис, 61 инд, 020400
3	г.Кокшетау рег.филиал, Акмолинская обл.	8-716-2-25-74-80 krpmpk@mail.kz	ГУ«Кокшетауская рег-я ПМПК», г.Кокшетау, ул.Кудайбердиева, 57, каб.№7
4	г.Степногорск, Акмолинская обл.	8-7164-563301 pmpk_10@mail.ru	Степногорский рег.филиал ПМПК; 021501 Акмолинская обл.г.Степногорск, 2 м-н, зд.14, каб.11
5	г.Актобе, Актюбинская	(8-7132) 55-04-22, 55-02-84 aktobeopmpk@mail.ru	г.Актобе, ул.Рыскулова 200 «А»
6	г.Актобе, Актюбинская обл. ГПМПК	8-7132-51-00-50, 8-7132-52-25-25 pmpk_aktobe@mail.ru	Актюбинская гор.ПМПК 030000, г.Актобе, ул.101 Стрелковой бригады, дом.№10 А
7	г.Алматы, Алматинская ОПМПК №1	234-48-77 , 234-48-76	ГУ ОПМПК №1, г.Алматы, Халиулина, 47, общ.№2, 480019 opmpk1@mail.ru
8	г.Талдыкорган, Алматинская обл. ОПМПК №2	8 (7282) 22-23-88, 8(3282)22-21-56 opmpk2@mail.ru	Обл.ПМПК№2, г.Талдыкорган, ул.Жансугурова, 222 а
9	г.Жаркент, Алматинская обл. ОПМПК №3	8(728-31) 5-04-89, 8(728-31) 50490 opmpk_p@mail.ru	г.Жаркент, ул.Асанова 19, Алматинская обл., Панфиловский р-н
10	г.Ушарал, Алматинская обл. ОПМК №4	8(72833)2-16-31, 3-52-07	Алматинская обл., Алакольский р-н, г.Ушарал, ул.Кабанбая 79 ПМПК №4 opmpk-4@mail.ru
11	Илийский р-н п.Отеген батыр Ал м.обл. ОПМПК№5	(727)2-517-706, 8-72752-2-48-79 opmpk5@mail.ru	Алматинская обл., Илийский р-н, п.Отеген батыр, ул.Титова 30
12	г.Есик Алм.обл. ОПМПК №6	4-50-97, 4-63-67 pmpk6@mail.ru	Алматинская обл.,Енбекшиказахский р-н, г.Есик, ул.Пугачева, 76,
13	с.Кеген Райымбекский р-н Алм.обл. ОПМПК №7	8(72777)-2-14-54 nurbota_sem@mail.ru OPMPK_7@mail.ru	Алматинская обл., с.Кеген, ул.Райымбека 25,
14	г.Атырау, Атырауская	(8-712-2) 27-10-95, 8-701-3394911 kanslu.zh@mail.ru (бухг.)	г.Атырау, ОПМПК мкр.Айтеке-би-22, инд.060000
15	г.Атырау	(8-712-2) 35-58-29	Гор.ПМПК г.Атырау, ул.Азаттык, 32 а
16	г.Усть- Каменогорск, ВКО	8-723-2-23-89-07 vko_pmpk@mail.ru ,	г.Усть-Каменогорск, ул.Виноградова 18/18, ОПМПК, инд.070010
17	г.Аягоз, ВКО	872237-3-00-46 Ayagoz_PMPK@mail.ru	индекс: 0702000, ВКО, г.Аягоз, ул. Кудерина 107
18	г.Зыряновск, ВКО	3-93-93,4-01-75	ВКО, г.Зыряновск, ПМПК. ул.Кирова 54; 007800

Адреса областных, городских ПМПК:

19	г.Семипалатинск, ВКО	8-7222-35-348 pmpk_semei@mail.ru	ГУ «ПМПК» г.Семипалатинск, ВКО, ул.Физкультурная, 6, шк-интернат для глухих детей
20	Тарбагатайский р-н с.Аксуат	8(72346) 2-10-25 д.т. 8(72346)21811	ВКО, Тарбагатайский р-н, с.Аксуат, ул Кабекова 13, инд.071500
21	Усть-Каменогорск,	8(723-2) 57-85-40 korolevasi@mail.ru	ПМПК, ВКО, г.Усть-Каменогорск, инд.070019, ул.Набережная Славского 42/1
22.	г.Шемонаиха, ВКО	(8 72332) 3-26-79	ВКО, ПМПК, г.Шемонаиха, ул.Чапаева, 47
23.	г.Тараз, Жамбылская	87262-45-38-10 4466992@mail.ru , opmpkjamdl@mail.ru	г.Тараз, ул.Бектурганов, 6, ком.14
24.	«Межведомственная ПМПК г.Тараза	87262 57-05-91 asema04@mail.ru	г.Тараз, 2 м-н, дом 37 «б», кв.5
25.	Таласский р-н, г.Каратау, Жамбылская обл.	8(726)-44-6-18-53	ПМПК Таласского р-на, Жамб. обл., г.Каратау, ул.Рыскулбекова 4
26.	Рыскуловский р-н, с.Кулан, Жамбылская обл.	8(726)-31-2-20-99	ПМПК Рыскуловского района; Жамбылская обл., с.Кулан, Абая 11
27.	Шуский р-н с.Толе би	8(726)-38-3-23-99	Жамбылская обл., Шуский р-н, с.Толе би, 216, ПМПК Шуского района
28.	г.Уральск, ЗКО	8-711-2-28-95-45 zko.pmpk@mail.ru	г.Уральск, ул.Джамбулская 28
29.	г.Аксай, ЗКО	8-711-33-2-07-11	Региональная ПМПК ЗКО, г.Аксай, Бурлинский р-н, ЗКО, Советская 60
30	г.Уральск, ЗКО ГПМПК	8-711-2-28-95-44 pmpk_uralsk@mail.ru	Гор.ПМПК, 090000, ЗКО, г.Уральск, ул. Жамбыла, 38
31	г.Караганда, Карагандинская обл	8-7212-72-41-38 (773303) karpmpk@mail.ru	г.Караганда, ОПМПК Орбита -1, 4-8
32.	г.Жезказган, Карагандинская обл.	8(710-2) 76-70-58	г.Жезказган, Караг.обл., ул. Сейфуллина, 39а
33.	г.Кзылорда Кызылординская	8-7242-24-93-48 opmpk_2008@mail.ru	г.Кзылорда ОПМПК м-н Мерей,48, кор.шк.-интернат ПМПК инд. 120000
34.	Казалинский р/н, Кызылординская область	8(724 38) 22-6-00 Kpdpk2007@mail.ru	Кзылординская обл., Казалинский р/н Кент Айтеке би, ул.Жанкожа 27
35.	Шиелийская ПМПК	8 (724 32) 4-33-21 Shelipmpk_2006@mail.ru	120700, Кызылординская обл., Шиелийская р-н. ул.Т.Рыскулова 19
36.	Жалагашская ПМПК	8(724 31) 4-33-21 Salta_74@mail.ru	120200, Кызылординская обл, пос.Жалагаш, ул.Айтекеби 100
37.	Кзылординская ГПМПК	8(7242) 24-41-21 medconsul2@mail.ru	126016, г.Кзылорда, м-н Шугла, б/н

Адреса областных, городских ПМПК:

38.	г.Костанай, Костанайская обл.	8-714-2-53-88-64 pmpk@edu-kost.kz	110008, г.Костанай, ГУ «ПМПК» Управления образования акимата Кост.области, ул.Каирбекова, 349
39.	г.Аркалык, Костанайская обл.	8 (2714 30)7-46-49, 7-65-21 pmpkark@mail.ru	Костанайская обл., г.Аркалык, ул.Жанибека 109
40.	г.Рудный, Костанайская обл.	8-714-31-7-73-26 lydmila73@list.tu	111500, Костанайская обл., г.Рудный, ул.Воладарского, 3
41.	ГУ «ПМПК» г.Костанай	8-(714)2- 50-01-55	110300, г.Костанай, ул.Л.Беды 122
42.	г.Актау, Мангистауская	8(7292) 50-59-77, 50-59-88 oblmpmk@mail.ru	130000, Мангыст.обл.,г.Актау, 4 м-н, зд-е №59
43	Мангыстауская обл. г.Жанаозен		Мангыст.обл., г.Жанаозен
44	г.Павлодар, Павлодарская	8-7182- 57-36-45, 57-36-46 opmpk@bk.ru	г.Павлодар, ул.Катаева 83 «ГУ ОПМПК», инд.140013
45	г.Аксу, Павлодар- ская обл.	8(71837)5-59-38 5-59-38 pmpk-aksu@mail.ru	140100, Павлодарская обл, г.Аксу, ул.Набережная, 23
46	г.Павлодар, Павлодарская обл.	87482-68-54-48, 68-54-45 Lushka_59@mail.ru	ГУ «ПМПК» г.Павлодар,ул.Катаева,22
47	г.Экибастуз, Павлодарская обл.	8-7187 75-01-82 galiya08@inbox.ru	ГУ «ПМПК» г.Экибастуз, Павлодарская обл., 141000, ул.Жусупа, 87а,Ленина, 78а
48	г.Петропавловск, СКО	(8-7152)-32-04-80 skopmpk@mail.ru	г.Петропавловск, ОПМПК ул.Победы 5 (сш.9) ИНЛ 150012
49	Акжарский р-н, СКО	8-71546-2-12-84 rpmpk_akzhar@mail.ru	150200, СКО, Акжарский р-н, с.Талшык, ул.Целинная,13а
50	р-н Шал-Акына г.Сергеевка, СКО	8715-34-21355 Shalreqpmpk_2009@mail.ru	СКО, Регион.ПМПК рн Шал акына г.Сергеевка, ул.Победы,25
51	г.Шымкент, ЮКО ОПМПК	8-725-2-54-31-79, 54-62-64 mpmpk80@mail.ru	г.Шымкент, пр.Абая, 4, инд.486002
52	г.Шымкент ГПМПК	8-725-2- 56-89-61	г.Шымкент, пр.Республики 41
53	г.Астана ПМПК №1	8-7172-21-04-33 baizaira@mail.ru	010000, г.Астана, ул Кошкарбаева,33
54	г.Астана ПМПК№2	8-7172-32-48-92 pmpk2_astana@mail.ru	г.Астана, ул.Желтоқсан, 13
55	г.Астана ПМПК№3	28-96-51, 28-96-63 RMPK3@mail.ru	г.Астана, ул.Ахан серы, 22,с.ш.№58, каб.1032, 1033, 1034
56	г.Алматы ПМПК№1	227-62-61 mussada@mail.ru	г.Алматы, пр.Торайгырова, 1 уг.Каблукова шк- интернат №1
57	г.Алматы ПМПК№2	397-41-55	ул.Джангельдина, 27

